

**Шардара аудандық мәслихатының 2009 жылғы 28 қазандағы № 23-171-IV " Бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленетін Қағиданы белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2010 жылғы 28 қыркүйектегі N 36-263-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 қазанда N 14-15-102 тіркелді. Күші жойылды - Шардара аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 маусымдағы N 5-37-V Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шардара аудандық мәслихатының 2012.06.12 N 5-37-V Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабының 5-тармағына және Шардара аудандық сотының 2010 жылғы 22 шілдедегі № 2-345 шешіміне сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. "Бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленетін Қағиданы белгілеу туралы" Шардара аудандық мәслихатының 2009 жылғы 28 қазандағы № 23-171-IV (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-15-81 тіркелген, 2009 жылдың 21 желтоқсанында аудандық «Шартарап-Шарайна» газетінің № 51 санында жарияланған) шешімімен бекітілген Шардара ауданы аумағын көріктендіру Қағидасына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қағиданың 2-тарауы 11-тармағындағы:

"Аудан, ауыл аумағында көлік құралдарының, жаяу жүргіншілердің қозғалысына қауіп төндіретін орталық көшелер бойына, аяқжолдар үстіне, балалардың ойын алаңдарына, тұрғын үйлерге баратын жолдар бойына және тұрмыс қалдықтарын жинап алып кетуге кедергі келтіретін тұрғын үй аулаларына автокөліктерді қоюға және жөндеуге";

аталған тараудың 12-тармағындағы:

"Жасыл алаңдарда (газондарда), гүлзарларда және басқа да жасыл желекті жерлерде көлік құралдарын қоюға" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Н.Тилеков*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Т.Бердібеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК